

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

ЖОБА

**«TKT FRAMEWORK НЕГІЗІНДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІ
МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЗАМАНАУИ
ӘДІСТЕРІ»
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасы**

Ақтау 2026 ж.

Бағдарлама авторы:

Куқыбаева Дина Героевна – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Ағылшын филология» кафедрасының профессор ассистенті, аға оқытушы

Бағдарлама:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын ескере отырып әзірленген.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Глоссарий.....	5
3. Бағдарлама тақырыбы.....	7
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері.....	8
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	9
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	11
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	14
8. Оқыту нәтижелерін бағалау.....	15
9. Курстан кейінгі қолдау.....	16
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	18

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстандағы білім беру жүйесінің одан әрі дамуы педагогтердің кәсіби білімі мен құзыреттілігін жүйелі түрде жаңартып, тереңдетуді міндеттейді. Бұл талап елдің қазіргі заманғы сын-тегеуріндерімен және стратегиялық басымдықтарымен тікелей айқындалады.

2. Колледж оқытушылары, жалпы білім беретін мектептердің ағылшын тілі мұғалімдері үшін «ТКТ Framework негізінде ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби дамуын жетілдірудің заманауи әдістері» тақырыбында (80 сағат)

3. Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мен нормативтік құқықтық актілеріне және білім беру сапасын арттыру контекстінде халықаралық зерттеулердің талаптарына сәйкес пәндік-әдістемелік құзыреттілігін дамытудағы жұмысын ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және оның қолданбалы бағытын арттыру үшін ағылшын тілі пәні бойынша теориялық білімдері мен дағдыларын беруге бағытталған.

Бағдарлама білім беру саласындағы келесі нормативтік-құқықтық құжаттардың негізгі ережелері мен талаптарын ескере отырып әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

- «Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);

- «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24

ақпандағы № 31 бұйрығы;

- Cambridge Assessment English (Teaching Knowledge Test — ТКТ)
халықаралық талаптарына сәйкес

2. ГЛОССАРИЙ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС)	Қазақстан Республикасының барлық білім беру деңгейлерінде білім берудің құрылымына, мазмұнына және нәтижелеріне, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарына қойылатын міндетті талаптарды анықтайтын нормативтік құжат.
Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңы	педагог қызметкерлердің кәсіби құқықтары мен міндеттерін реттейді, біліктілік пен құзыреттілікке қойылатын талаптарды белгілейді
Жалпы оқыту тұжырымдамалары	
Approach	тілдерді қалай меңгеру және оқыту жүзеге асатыны туралы теория немесе көзқарастар жүйесі.
Method	белгілі бір approach негізінде құрылған оқыту тәсілі немесе нақты оқыту жолы.
Technique	оқыту мақсатына жету үшін сабақ барысында қолданылатын нақты іс-әрекет немесе стратегия.
Learning objective	сабақ соңында білім алушылардың не істей алуы тиіс екенін нақты көрсететін тұжырымдалған мақсат.
Outcome	оқыту нәтижесінде қол жеткізілетін соңғы нәтиже немесе білім алудың қорытынды өнімі.
Тіл және грамматика туралы хабардарлық	
Phonology	тілдегі дыбыстарды зерттеу
Stress	белгілі бір буынға немесе сөзге баса назар аудару
Pronunciation	сөздердің айтылу тәсілі
Accuracy	тілдік формаларды дұрыс қолдану
Fluency	тілді еркін, табиғи және сенімді қолдану.
Оқыту дағдылары және сыныптағы әдістер	
Warm-up	оқушыларды сабаққа дайындауға арналған сабаққа кіріспе
Lead-in	оқушылардың алдыңғы білімдерін сабақ тақырыбымен байланыстыратын кіріспе
Concept checking	оқушылардың мағынаны түсінуін тексеру
Drilling	айтылу немесе жаттау үшін сөздерді немесе құрылымдарды қайталау

Classroom management	оқушыларды, материалдарды және уақытты тиімді ұйымдастыру
Instructions	тапсырма алдында берілген нақты нұсқаулар
Differentiation	әртүрлі деңгейдегі немесе қажеттіліктері бар оқушыларға арналған тапсырмаларды бейімдеу
Тестілеу және бағалау	
Assessment	оқушылардың ілгерілеуі мен үлгерімін өлшеу
Formative assessment	оқу процесінде үздіксіз бағалау
Summative assessment	курс немесе бөлім соңында бағалау
Diagnostic test	оқу алдында күшті және әлсіз жақтарын анықтайды
Placement test	студенттің тиісті деңгейін анықтайды
Achievement test	студенттердің курста не үйренгенін тексереді
Proficiency test	жалпы тілдік қабілетті өлшейді
Rubric	тапсырмаға арналған бағалау нұсқаулығы немесе нұсқаулары
Оқу теориялары және психологиясы.	
Cognitive learning	есте сақтау және мәселелерді шешу сияқты ақыл-ой процестеріне бағытталған
Learning style	оқудағы жеке стильдері (визуалды, есту, кинестетикалық)
Learner's autonomy	оқушының тәуелсіздігі және оқуға деген жауапкершілігі
Материалдар мен технологиялар	
Authentic materials	шетел тілін оқытуда қолданылатын, арнайы оқу мақсатында жасалмаған, яғни тіл иелері күнделікті өмірде, табиғи ортада нақты коммуникативтік мақсатпен қолдану нәтижесінде пайда болған мәтіндер, аудио немесе видео материалдар
Supplementary materials	курстық кітаппен бірге қолданылатын қосымша ресурстар
Realia	оқыту үшін сабаққа әкелінетін нақты нысандар
Blended learning	дәстүрлі және онлайн оқытудың үйлесімі

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫПТАРЫ

Модуль	Сабақтың тақырыптары
1. Нормативтік және құқықтық негіздері	1.1 Педагог қызметінің нормативтік құқықтық негіздері. «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
2. Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыс аспектілері	2.1 «Бірыңғай тәрбие бағдарламасын» іске асыру мәнмәтінінде балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық әдістері мен тәсілдерінің ерекшеліктері 2.2 Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру контекстінде мұғалімнің инновациялық қызмет және кәсіби дамуы
3. Білім алушылардың ағылшын тілін оқыту әдістерінің теориялық негіздері және тілдік аспектілер мен сөйлеу әрекетінің түрлерін оқыту әдістерін жетілдіру	3.1 Language background to language learning and teaching. 3.2 Describing language and language skills. Grammar. Lexis. Phonology and function. 3.3 Language skills. Reading. Listening. Writing. Speaking 3.4 Background to language learning. Motivation. Exposure and focus on form. The role of error 3.5 Differences between L1 and L2 learning. Learner characteristics. Learner needs. 3.6 Approaches to language teaching 3.7 Background to language teaching. Presentation techniques and introductory activities 3.8 Practice activities and tasks for language and skill development 3.9 Assessment tasks and types.
4 Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, сабақты жоспарлау, оқу материалдарын пайдалану және сыныпты басқарып білім беру	4.1 Lesson planning and use of resources for language teaching. Identifying and selecting aims. Identifying the different components of a lesson plan. 4.2 Planning and preparing a lesson or sequence of lessons. Planning an individual lesson. Choosing assessment activities 4.3 Selection and use of resources. Consulting reference resources to help in lesson preparation. 4.4 Selection and use of supplementary materials and activities. Selection and use of teaching aids.

саласындағы өзара әрекеттесу әдістерін қолдану	
5 Педагогтердің кәсіби дайындығының халықаралық стандарттармен салыстырылатындығын қамтамасыз етіп, құзыреттіліктерін дамыту.	5.1 Managing the teaching and learning process. Using language appropriately for a range of classroom functions. Identifying the functions of learners' language
	5.2 Categorising learners' mistakes. Classroom management. Teacher roles.
	5.3 Grouping learners. Correcting learners. Giving feedback Preparation to TKT exams

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарлама нақты білім беру үдерісінде МЖМБС талаптарын тиімді жүзеге асыруға бағытталған және педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға арналған практикалық-бағдарлы сипатқа ие. Оқыту үдерісі педагогтердің әдістемелік даярлығын жетілдіруге, сондай-ақ олардың кәсіби тәжірибесіне шетел тілдерін оқытудың заманауи, ғылыми негізделген және халықаралық деңгейде танылған тәсілдерін жүйелі түрде енгізуге бағытталады. Бұл өз кезегінде ағылшын тілін оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру барысында тыңдаушылар сабақтың тиімділігін арттыруға, әдістемелік шешімдерді саналы түрде таңдауға, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға, бағалау критерийлерін орынды қолдануға, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары құралдарын сабақ үдерісінде тиімді пайдалануға даярланады. Курстың әрбір модулі практикалық тапсырмалармен сүйемелденеді, бұл меңгерілген тәсілдер мен технологияларды тікелей педагогикалық тәжірибеге енгізуді қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мақсаты: мұғалімдердің ағылшын тілін оқыту саласындағы әдіснамалық білімін тереңдету және оқу үдерісін тиімді жоспарлау, ұйымдастыру, бағалау дағдыларын дамыту арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру. Сонымен қатар, бағдарлама педагогтердің рефлексия жасау қабілетін қалыптастырып, үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарламаның міндеттері:

1) педагог қызметін реттейтін нормативтік, құқықтық құжаттардың игеруін қамтамасыз ету;

2) мұғалімдердің ағылшын тілін оқытудың негізгі әдіснамалық қағидаларын саналы түрде меңгеруін қамтамасыз ету;

3) оқу іс-әрекеттерін жоспарлау, ұйымдастыру және талдау бойынша практикалық дағдыларды дамыту;

4) сыныпты тиімді басқару стратегияларын қолдану және оқушылармен өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту;

5) оқу жетістіктерін қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың заманауи тәсілдерін меңгеру;

б) кәсіби рефлексияны және үздіксіз кәсіби дамуға дайындықты ынталандыру.

Күтілетін нәтижелер:

Күтілетін оқу нәтижелері практикалық бағытқа ие және мұғалімдердің кәсіби тәжірибесінде тікелей көрініс табады. Бағдарламаны аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1) ағылшын тілін оқыту процесінде заманауи әдіснамалық тәсілдер мен білім беру технологияларын тиімді қолданады;

2) білім алушылардың оқу мақсаттарын, дайындық деңгейін және жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетін жобалайды және жүзеге асырады;

3) оқу процесін ұйымдастырудың және сыныпты басқарудың тиімді формалары мен әдістерін пайдаланады;

4) білім беру сапасын арттыру құралы ретінде қалыптастырушы бағалау элементтерін оқу процесіне енгізеді;

5) өздерінің педагогикалық қызметінің нәтижелерін талдап, білім беру тәжірибесін жетілдіру мақсатында түзету жұмыстарын жүргізеді.

Бағдарламаны іске асыру мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқу процесінің сапасын жақсартуға және ағылшын тілін оқытуды ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігінің заманауи талаптарына сәйкестендіруге ықпал етеді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Барлығы
I	Модуль 1. «Нормативтік және құқықтық негіздері»	2		2
1.1	Педагог қызметінің нормативтік құқықтық негіздері. «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық	2		2

	және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.			
II	2-модуль «Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыс аспектілері»	4		4
2.1	«Бірыңғай тәрбие бағдарламасын» іске асыру мәнмәтінінде дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық әдістері мен тәсілдерінің ерекшеліктері	2		2
2.2	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру контекстінде мұғалімнің инновациялық қызмет және кәсіби дамуы	2		2
III	Модуль 3. Білім алушылардың ағылшын тілін оқыту әдістерінің теориялық негіздері және тілдік аспектілер мен сөйлеу әрекетінің түрлерін оқыту әдістерін жетілдіру	18	24	42
3.1	Language background to language learning and teaching.	2	2	4
3.2	Describing language and language skills. Grammar. Lexis. Phonology and function.	2	2	4
3.3	Language skills. Reading. Listening. Writing. Speaking	2	2	4
3.4	Background to language learning. Motivation. Exposure and focus on form. The role of error.	2	2	4
3.5	Differences between L1 and L2 learning. Learner characteristics. Learner needs.	2	2	4
3.6	Approaches to language teaching	2	2	4
3.7	Background to language teaching. Presentation techniques and introductory activities	2	4	6
3.8	Practice activities and tasks for language and skill development	2	6	8
3.9	Assessment tasks and types.	2	2	4
IV	Модуль 4. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, сабақты жоспарлау, оқу материалдарын пайдалану және сыныпты басқарып білім беру саласындағы өзара әрекеттесу әдістерін қолдану	8	16	24
4.1	Lesson planning and use of resources for language teaching. Identifying and selecting aims. Identifying the different components of a lesson plan.	2	6	8
4.2	Planning and preparing a lesson or sequence of lessons. Planning an individual lesson. Choosing assessment activities	2	6	8

4.3	Selection and use of resources. Consulting reference resources to help in lesson preparation.	2	2	4
4.4	Selection and use of supplementary materials and activities. Selection and use of teaching aids.	2	2	4
V	Модуль 5. Педагогтердің кәсіби дайындығының халықаралық стандарттармен салыстырылатындығын қамтамасыз етіп, құзыреттіліктерін дамыту. ТКТ емтиханына дайындық			8
5.1	Managing the teaching and learning process. Using language appropriately for a range of classroom functions. Identifying the functions of learners' language	2	2	4
5.2	Categorising learners' mistakes. Classroom management. Teacher roles.	1	1	2
5.3	Grouping learners. Correcting learners. Giving feedback	1	1	2
	Барлығы:	36	44	80

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 249 бұйрығы).

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бағдарлама бойынша оқыту процесі оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, күндізгі, қашықтықтан немесе аралас форматта жүзеге асырылады. Курстың жалпы ұзақтығы – 80 академиялық сағат, бір академиялық сағат 45 минутты құрайды, ал оқу күнінің ұзақтығы – 8 академиялық сағаттан тұрады.

Оқыту процесі барысында педагогтердың белсенді қатысуын қамтамасыз етуге және меңгерілген әдіс-тәсілдерді кәсіби қызметінде қолдануға бағытталған белсенді оқыту формалары пайдаланылады. Атап айтқанда, оқу процесінде келесі жұмыс түрлері қарастырылады:

- интерактивті дәрістерді қамтитын семинар сабақтары;
- тәжірибелік сабақтар, олардың барысында жеке, жұптық және топтық жұмыстар (жобалық тапсырмалар, пікірталастар, іскерлік ойындар және т.б.) ұйымдастырылады;
- өзіндік жұмыс, ол жеке, жұптық және топтық форматтағы тапсырмаларды (жобалар және басқа да шығармашылық жұмыстар) орындауды қамтиды;
- қорытынды жұмыс, оның шеңберінде ТКТ емтиханына дайындық жүргізіледі.

TKT (Teaching Knowledge Test) пәнін оқытуда теорияны механикалық меңгертуден гөрі, оны практикалық жағдаяттармен байланыстыра отырып, тест форматына жүйелі түрде бейімдеу тиімді. Әсіресе болашақ мұғалімдермен жұмыс істегенде әдіснамалық түсінік пен тест стратегиясын қатар дамыту маңызды.

Төменде TKT пәнін оқытуда тиімді деп саналатын әдіс-тәсілдер жүйеленіп берілді:

1. **Case-study** (жағдаяттық талдау). TKT тапсырмалары көбіне сыныптық жағдаяттарды талдауға негізделеді.

Қалай қолдануға болады: Нақты сабақ фрагментін сипаттап, «Which term best describes...?» типіндегі сұрақтар құрастыру; Classroom management, assessment, interaction patterns бойынша жағдаяттық тапсырмалар беру; Қате әдісті анықтату және оны түзету жолдарын ұсындыру. Бұл тәсіл Module 1–3 мазмұнын терең түсінуге көмектеседі.

2. **Concept checking** және терминологиялық тренинг. TKT – терминологиялық пән. Сондықтан келесі әдістер өте тиімді:

- Matching (term – definition)
- Odd one out
- Concept maps
- Flashcards
- Mini-quizzes

Мысалы: *formative assessment vs summative assessment; accuracy vs fluency; controlled practice vs freer practice*

3. **Test-based learning** (тестке негізделген оқыту). TKT-да форматты білу – табыстың 50%-ы. Осыған орай келесі тәсілдер тиімді болып табылады: апталық mini mock tests; таймермен жұмыс; distractor-ларды талдау; «Why is this answer wrong?» рефлексиясы. Бұл тыңдаушылардың тест стратегиясын дамытады.

4. **Microteaching + Reflection.** Бұл әдіс-тәсіл әсіресе Module 2 және 3 үшін тиімді, себебі студент/ тыңдаушы қысқа сабақ фрагментін көрсетеді. Қалғандары TKT терминдері арқылы талдайды (lesson aims, interaction pattern, stage of lesson, type of feedback). Бұл теорияны практикамен байланыстырады.

5. **Collaborative learning** (жұптық/топтық жұмыс). Сабақ барысында TKT сұрақтарын топпен талдау тиімді болып табылады: бір сұрақ – үш дәлел; Answer justification technique; Debate: «Which stage is more effective and why?». Collaborative learning әдісі кәсіби ойлауды қалыптастырады.

6. **Error analysis.** Әдістемелік қателерді анықтау барысында: сабақ жоспарын талдау, бағалау критерийлеріндегі сәйкессіздікті табу, Feedback түрін дұрыс таңдамау жағдайын талдау жасалады.

7. **Digital tools және ЖИ пайдалану.** Бұл қазіргі білім беру контексінде өте өзекті. Цифрлық құралдар мен жасанды интеллектіні (ЖИ) білім беру үдерісінде пайдалану қазіргі білім беру контексінде ерекше өзектілікке ие (Online quizzes

(Google Forms, Quizizz), AI арқылы lesson plan талдау, Scenario generation, Automatic feedback practice). Бұл технологиялар оқыту мен оқудың тиімділігін арттыруға, білім беру үдерісін жекешелендіруге, сондай-ақ педагогтердің кәсіби қызметінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануына мүмкіндік береді.

8. Reflective practice. Әр модульдің соңында тыңдаушылардың кәсіби рефлексиясын дамыту мақсатында арнайы рефлексиялық сұрақтар ұсынылады. Атап айтқанда:

- «*What have I learned as a future teacher?*»
- «*How would I apply this in the Kazakhstani school context?*»
- «*Which concept was the most challenging and why?*»

Аталған сұрақтар тыңдаушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын талдауға, олардың практикалық маңыздылығын түсінуге, сондай-ақ алынған теориялық білімді Қазақстан мектептерінің білім беру тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерін бағалауға бағытталған. Мұндай тәсіл педагогтердің кәсіби рефлексиясын дамытуға және олардың әдістемелік ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сабақтарды ұйымдастырудың әдістері мен формалары оқу процесінің тұтастығы мен логикалық жүйелілігін сақтай отырып, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне, педагогтердің кәсіби даярлық деңгейіне, модульдер бойынша күтілетін нәтижелерге, сондай-ақ оқытудың ұйымдастыру формасына (күндізгі, қашықтықтан немесе аралас форматта) сәйкес айқындалады.

Күндізгі және онлайн форматтарда оқу процесін ұйымдастыру барысында тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында диагностикалық және қорытынды тестілеу, демо-сабақты таныстыру, сондай-ақ ТООЖ (тыңдаушының оқытушы жетекшілігімен орындайтын өзіндік жұмысы) ұйымдастырылады.

Бағдарламаны іске асыратын тренер оқу материалының мазмұнын өзгертпей, оның құрылымдық және әдістемелік тұтастығын сақтай отырып, қажет болған жағдайда оны өзекті мысалдармен, заманауи ресурстармен және қосымша оқу материалдарымен толықтыруға құқылы.

Бағдарламаны жүзеге асыру курстан кейінгі кәсіби қолдауды жоспарлаумен аяқталады.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Модуль тақырыбы	Сағат саны	Дәріс түрі	Оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі
1	Нормативтік және құқықтық негіздері	2	Дәріс	Презентация
2	Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыс аспектілері	6	Дәріс, баяндама, реферат презентация,	Презентация, оқу әдістемелік құрал
3	Білім алушылардың ағылшын тілін оқыту әдістерінің теориялық негіздері және тілдік аспектілер мен сөйлеу әрекетінің түрлерін оқыту әдістерін жетілдіру	40	Баяндама, реферат презентация, тәжірибелік сабақ, тренинг, тест демо-сабақ	Презентация, оқу әдістемелік құрал Кембридж оқу құралдары және ресми материалдар
4	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, сабақты жоспарлау, оқу материалдарын пайдалану және сыныпты басқарып білім беру саласындағы өзара әрекеттесу әдістерін қолдану	24	Тәжірибелік сабақ, презентация, цифрлық платформалар, дидактикалық ойындар	Презентация, демо-сабақ, сабақтардың бейне материалдары
5	Педагогтердің кәсіби дайындығының халықаралық стандарттармен салыстырылатындығын қамтамасыз етіп, құзыреттіліктерін дамыту.	8	Проблемалық сабақ Lesson Study (Сабақты зерттеу) технологиясы, Action Research тәсілі Педагогикалық рефлексия	Презентация, Электронды білім беру ресурстары, ТКТ форматындағы диагностикалық және оқыту тесттері

Оқу-әдістемелік қолдаудың құрамдас бөліктері

1. **Теориялық материал:** ТКТ-ның негізгі әдіснамалық мәселелері бойынша дәрістер мен презентациялар; ағылшын тілін оқытудың заманауи

әдістері бойынша ғылыми-әдістемелік басылымдар мен оқу құралдары; электронды Cambridge Assessment ағылшын тілі ресурстары.

2. Практикалық тапсырмалар: сабақтар мен әдістемелік жағдайларды талдау; өзіндік сабақ жоспарларын әзірлеу және қорғау; ТКТ форматында оқу тапсырмаларын орындау; микросабактар, содан кейін талқылау.

3. Өзіндік жұмыс және өзін-өзі бағалау тапсырмалары: кейстер мен тест тапсырмаларын орындау; теориялық материалды түсінуді тексеруге арналған тесттер; құзыреттілікке негізделген тәсілге бағытталған өзін-өзі бағалау критерийлері бар рефлексивті тапсырмалар.

Қашықтан жұмыс істеу және цифрлық ресурстарды пайдалану

Қашықтан немесе аралас оқыту форматында білім беру үдерісі электрондық оқыту жүйелерін, онлайн-тестілеу құралдарын және практикалық тапсырмаларды орындауға арналған интерактивті платформаларды қолдану арқылы ұйымдастырылады. Мұндай цифрлық ресурстарды пайдалану білім алушылардың оқу үдерісіне икемді қатысуына, сондай-ақ оқытуды жекешелендіру қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді.

Практикалық маңыздылығы

Ұсынылып отырған кешенді білім беру және әдістемелік қолдау педагогтерге тек теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, оны практикалық қызметте тиімді қолдануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл тәсіл мұғалімдердің әдістемелік, жобалау, коммуникативтік, бағалау және рефлексивтік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейін анықтау үшін шағын жобалардың презентациялары өткізіледі

«Жоба» презентациясы

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейін анықтау мақсатында шағын жобалардың презентациялары ұйымдастырылады.

Мақсаты – осы біліктілікті арттыру бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижесінде тыңдаушылардың ғылыми жобаларды ұйымдастыру барысында инновациялық тәсілдерді қолдану қабілетін, сондай-ақ жаһандық әдіснамалық зерттеулердегі заманауи үрдістерді түсіну және оларды практикада қолдану деңгейін бағалау.

«Жоба» презентациясын бағалау критерийлері (5 слайдтан көп емес)

Презентацияны бағалау үшін ең көп ұпай саны – 15 балл;

0 – «дәлел жоқ», 1 – «әлсіз дәлел», 2 – «жеткілікті дәлел», 3 – «мықты дәлел»

№	Бағалау критерийі	Балл				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	Презентацияны таныстыру деректері дұрыс бейнеленген					
2	Әдістемелік аспектінің түсінігі қадағаланады, ерекшеліктері қарастырылады					
3	Өзін-өзі дамыту траекториясы SMART мақсат қою арқылы қолдау табады					
4	Мұғалімнің өзін-өзі дамыту жөніндегі болашақ іс-әрекеттерінің нақты қадамдары жасалды					
	Қорытынды балл 15 балл					

Қорытынды аттестация ТКТ форматында тестілеу арқылы жүзеге асырылады.

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Курстан кейінгі қолдау кеңес беру жұмыстарын, әдістемелік ұсынымдар ұсынуды, электрондық ресурстарға қол жеткізуді және кәсіби қауымдастықтарға қатысуды қамтиды. Бұл қолдау түрлері педагогтердің оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын бекітуге, сондай-ақ оларды кәсіби қызметінде тиімді қолдануына жағдай жасауға бағытталған.

Курстан кейінгі қолдау бағдарламаны меңгеру үдерісінде алынған білім мен практикалық тәжірибені одан әрі жетілдіруге және оларды педагогтердің кәсіби қызметіне жүйелі түрде енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Курстан кейінгі қолдау бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылады.

1-кезең. Бағдарлама материалдарын практикалық тұрғыда іске асыру барысында туындайтын мәселелер бойынша мұғалімдер мен әдіскерлерге жеке және топтық консультациялар ұйымдастырылады. Курс кураторы (оқытушы) түрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер, мысалы, WhatsApp және т.б.), сондай-ақ цифрлық сервистер мен интернет-платформаларды (Google сервистері және т.б.) пайдалана отырып, кеңес беру жұмыстарын жүргізеді және онлайн форматтағы іс-шараларды ұйымдастырады.

2-кезең. Пилоттық білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесі және тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейі электрондық пошта, мессенджерлер және әлеуметтік желілер арқылы зерделенеді. Сонымен қатар, сабақтарды жоспарлау және **ТКТ** әдіснамалық тәсілдерін енгізу мақсатында қосымша әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтар беріледі, сондай-ақ

тыңдаушылар қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз етіледі.

3-кезең. Сабақты жоспарлау және **ТКТ** әдіснамалық тәсілдерін практикаға енгізуді қолдау мақсатында қосымша әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтар ұсынылады. Курс кураторы (оқытушы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған қолдау жұмыстарын жүзеге асырады, атап айтқанда: – семинарлар мен дөңгелек үстелдерде (облыстық және республикалық деңгейде) баяндама жасау;

- кәсіби конкурстарға (облыстық, республикалық деңгейде) қатысу;
- сараптамалық топтардың жұмысына қатысу;
- республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында (мүмкін авторлық бірлестікте) ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы. [Электрондық ресурс].

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670>

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

3. «Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша кешенді талдау» аналитикалық есебі / Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. - Астана: 2024. – 252 бет.

<https://uba.edu.kz/storage/app/media/MODO%20%20MODO%20%202024%20%20%20KZ%20%20%20KZ%20%20%20KZZ.pdf>

4. «Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша кешенді талдау» аналитикалық есебі / Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. - Астана: 2024. – 252 бет.

<https://uba.edu.kz/storage/app/media/MODO%20%20MODO%20%202024%20%20%20KZ%20%20%20KZ%20%20%20KZZ.pdf>

5. Орта білім беру ұйымдарының оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 160 б.

<https://uba.edu.kz/storage/app/media/22%2022%2022%20%20KZ%20%20KZ.pdf>

6. Spratt M., Pulverness A., Williams M. *The TKT Course*. Cambridge University Press, 2021.

7. Harmer J. *How to Teach English*. Longman, 2020.

8. Richards J.C., Rodgers T.S. *Approaches and Methods in Language Teaching*. Cambridge University Press, 2022.

9. *Approaches and Methods in Language Teaching*. (2014). Cambridge University Press.

10. *Principles of Language Learning and Teaching*. (2014). Pearson Education.

11. *The Practice of English Language Teaching*. (2015). Pearson Longman.

12. Bogale, Y. N. (2024). The matrix of ELT: Rethinking effective English language teaching practices. *Cogent Education*, 11(1).

13. Zhantleyeva, M. T., Meirbekov, A. K., & Seitova, M. E. (2023). The hybrid approach in teaching English: A case of Kazakhstan. *SAGE Open*, 13(2).
14. English Language Teaching Methods: Applicability and Challenges from EFL Teachers' Perspectives. (2024). *Education Research International*.
15. Педагогикалық шеберлік орталығы (NIS). Lesson Study және Research Lesson: мұғалімдерге арналған жаңартылған нұсқаулық. – Астана, 2023. – 48 б.
16. Білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 80 б. <https://uba.edu.kz/storage/app/media/1.103%20103103103%20%20%20KAZ.pdf>
17. Современные методики преподавания английского языка в неязыковом вузе. (2025). *Филологический аспект: Методика преподавания языка и литературы*.

Қосымша әдебиеттер

1. Оқытудың заманауи теориясы – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 400 б. <https://uba.edu.kz/storage/app/media/1.82%208282828282%20%20%20KAZ.pdf>
2. Мердок М., Мюллер Т. Взрыв обучения. Девять правил эффективного виртуального класса. М.: Издательство «Альпина Паблишер», 2019
3. Соловова Н.В., Дмитриев Д.С., Суханкина Н.В., Дмитриева Д.С. Цифровая педагогика: технологии и методы: учебное пособие / Самара: Издательство Самарского университета, 2020. 128с. – URL:<https://obuchalka.org/20200703122264/cifrovaya-pedagogika-tehnologii-i-metodi-solovova-n-v-dmitriev-d-s-suhankina-n-v-2020.html> (дата обращения: 18.04.2023).
4. Scrivener J. *Learning Teaching*. Macmillan, 2021.
5. Ur P. *A Course in Language Teaching: Practice and Theory*. Cambridge University Press, 2020.
6. Brown H.D. *Teaching by Principles: An Interactive Approach to Language Pedagogy*. Pearson, 2022.
7. Thornbury S. *The CELTA Course Trainer's Handbook*. Cambridge University Press, 2021.
8. Nunan D., Richards J.C. *Language Learning Beyond the Classroom*. Routledge, 2021.
9. Innovation of Teaching Methodology for Improving English Language Skills. (2024). *European Journal of Education Studies*.
10. A Historical Trends and Emerging Innovations in English Language Teaching: A Systematic Review. (2025). *Journal of Language Teaching and Research*.
11. Teachers' perspectives on effective English language instructional practices. (2024). *Heliyon*, 10(5).
12. Выпуски 2023–2025 гг. English Language Teaching Methodology Journal.

13. Современные методы преподавания английского языка: анализ мирового опыта. (2024). *Научный аспект*, №6.

14. Материалы III Международная научно-практическая конференция «Методика преподавания иностранных языков». (2024). Москва.

Интернет ресурстар

1. <https://bilimland.kz/kk/courses/english-language> (жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ағылшын тілі бөлімі)

2. Lesson Study — Исследование урока в действии <https://class-kz.ru/lesson-study-issledovanie-uroka-v-dejstvii>

3. Никитина Л.В. Описание педагогического опыта по теме «Педагогический подход Lesson study как ресурс расширения сотрудничества между учителями с целью формирования у обучающихся ключевых компетенций 21 века» <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii/2019/05/12/pedagogicheskiy-podhod-lesson-study>

5. <https://nis.edu.kz> → Педагогикалық шеберлік орталығы → Lesson Study 2023–2025 материалдары

6. <https://www.coursera.org/learn/teachlanguageonline>

7. <https://www.coursera.org/specializations/tesol>

8. <https://www.coursera.org/learn/teaching-english>